

Отырыста қаралды

кәсіпшілдік міндеттері
жекеңсілік

Хаттама № 2 « 7 » наузаң 2019 ж.



«Саналы ұрпақ» ерікті студенттік клубын күру туралы ЕРЕЖЕ

Осы «Саналы ұрпақ» студенттік ерікті клубы туралы ереже 2018-2020 жылдарға арналған "Саналы ұрпақ - жарқын болашак" жобасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын, "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын және Қазақстан Республикасының Президенті К. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденеудің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру аясында әзірленді.

"Саналы ұрпақ-жарқын болашак" жобасының **Миссиясы**-сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

Клубтың мақсаты:

1. Парасаттылықты, адалдықты, жауапкершілікті насиҳаттау, және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Негізгі міндеттері болып табылады:

- * рухани-адамгершілік қасиеттерге бағытталған шараларды іске асыру азаматтық-патриоттық тәрбие;
- * студенттердің саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
- * студенттік ортада жемқорлыққа қарсы сана мен жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- * сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қарым-қатынасты нығайту жөніндегі бастамаларды көтермелесу;
- * сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға катысу.

"Саналы ұрпақ" студенттік клубының міндеттерін жүзеге асыру келесі бағыттар бойынша секцияларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады:

"Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы білім" секциясы лекциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға катысады. Жұмысқа педагогикалық қызметкерлер, студенттер және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған қызметке мүдделі басқа да тұлғалар тартылады. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қолданылатын нақты технологияларды (әдістер, технологиялар, құралдар мен тәсілдер) әзірлейді:

"Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Ақпарат және шығармашылық" секциясы үздік бейнепрезентациялар, бейне роликтер, суреттер, шығармалар, эссе және т. б. іс-шаралар мен конкурстарды ұйымдастыруға катысады.

"Мәдени-бұқаралық іс-шаралар" секциясы акцияларды, флэш-мобтарды, диалогтық аландарды, халықтың сауалдарын, қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесулерді және басқа да әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға катысады.